



Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

21 қараша 2025 жылы

№7530-25-00-2/9834

Алматы қаласы

Алматы қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында: төрағалық етуші судья К.Қ.Дуанбекова, сот отырысының хатшысы Н.Н.Қабыл болып, ашық сот отырысында, азаматтық істі қарады, ол бойынша:

ТАЛАПКЕР:

Рақымжан Сымбат Ерғалиқызы

ЖАУАПКЕР:

Жусанбаев Биржан Муратбекович

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:

Алимент мөлшерін белгіленген ақша сомасына өзгерту туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

WhatsApp желісімен мобильді видеоконференцбайланыс арқылы:

Талапкер С.Е.Рақымжан,

Талапкердің сенімхатпен өкілі М.Д.Ботбаев,

Жауапкер Б.М.Жусанбаев,

Жауапкердің сенімхатпен өкілі К.К.Тастүлеков.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

28 мамыр 2025 жылғы сот бұйрығымен Б.М.Жусанбаевтан С.Е.Рақымжанның пайдасына кәмелетке толмағандар: 13.02.2019 жылы туылған Мұратбек Әнел және 25.09.2022 жылы туылған Мұратбек Заңғарды асырап бағу үшін барлық табысының 1/3 бөлігінде алимент өндірілген.

Кәмелетке толмаған балалар анасымен бірге тұрады.

Талапкер С.Е.Рақымжан сотқа балаларға жұмсаған айлық нақты шығындары 2 000 000 теңгені құрайтынын: бала-бақшаның төлемдері, киім-кешек, азық-түлік, дәрі-дәрмегіне, жол шығындарын көрсетіп, одан басқа несиенің айлық төлемдерін төлейтінін айтып, жауапкер осындай шығындары бар екенін біле тұра, әкелік парызын орындамай, өз еркімен көмек беруге ниет танытпағанын, балалардың денсаулығына және тәрбиесіне мүлдем араласпағанын айтып, жауапкердің табысына пропорционалды алимент өндіру

кәмелетке толмаған ортақ балалардың мүддесіне сәйкес келмейді, өйткені жауапкер өзінің нағыз табысын жасыруда, осы себепті жауапкер Б.М.Жусанбаевтан өзінің пайдасына кәмелет жасқа толмаған екі баласын асырап-бағу үшін ай сайын 250 (екі жүз елу) айлық есептік мөлшерінде 10 қыркүйек 2025 жылдан бастап, балалар кәмелет жасқа толғанша тұрақты түрде алимент өндіруді сұрап, талап арызын қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкер Б.М.Жусанбаев өзінің талап арызға қарсы пікірінде, талапкер С.Е.Рақымжанның талап-арызымен толығымен келіспей, ай сайын өз мүмкіндігінше орта есеппен 130 000-160 000 теңге көлемінде алимент төлеп тұрғанын, алимент төлеуге қатысты қарыздары жоқ екенін. «Яндекс Такси» сервисінде жүргізуші болып жұмыс істейтінін, талапкердің «кірістерді жасырады» деген көрсеткішімен келіспейтінін айтып, талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысында талапкер С.Е.Рақымжан талап арызын нақтылап, жауапкердің ресми жалақысы мен жеке кәсіпкерлік қызметінен (Kaspi Bank және Халық Банкіндегі ИП шоттарына түсетін төлемдер, сондай-ақ Kaspi Gold картасына түсетін қаражат) алынатын табыстарын ескере отырып, оның айлық табысының шамамен 1/3 бөлігіне тең мөлшерде, яғни ай сайын 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде екі баланы асырап бағу үшін алимент өндіруді соттан сұрады.

Жауапкер Б.М.Жусанбаев сот отырысында талап арызбен келіспей, ИП Тәуекелде жұмыс жасайтынын, банк шоттарындаға түскен ақша қаражаттары оның алған несие соммалары екенін, кірістері тек туыстарынан келіп түскен ақша сомалары екенін айтып, адам тасымалдап тапқан табыстарынан басқа табыстары жоқ екенін көрсетіп, талапкердің талап етіп отырған 100 АЕК = 399 200 теңгені құрайды, мұндай соммада табысым жоқ деп көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі - зайыптылық) және отбасы» туралы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 138-бабының 1-тармағына сәйкес, ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті.

Кодекстің 141-бабының талабына сай, ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларына алимент төлеу туралы келісімі болмаған кезде және ата-ананың табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлестік қатынаста алимент өндіріп алу мүмкін болмаған, қиындық тудырған немесе тараптардың бірінің мүдделерін елеулі түрде бұзатын жағдайларда, сот тұрақты ақша сомасында немесе бір мезгілде үлеспен және тұрақты ақша сомасында ай сайын өндіріп алынатын алимент мөлшерін айқындауға құқылы.

Мұндай жағдайларға тұрақты емес, өзгермелі табысы және (немесе) өзге де кірісі бар не, егер ата-ана табысын және (немесе) өзге де кірісін толығымен немесе ішінара заттай алатын ата-аналардан алимент өндіріп алуға жатады.



Тұрақты ақша сомасының мөлшерін сот тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен басқа да назар аударарлық мән-жайларды ескере отырып, баланың бұрынғы қамтамасыз етілу деңгейін мүмкіндігінше сақтайтын көлемдегі айлық есептік көрсеткіш мөлшерін негізге алып айқындайды.

Егер ата-аналардың әрқайсысының қолында балалар қалатын болса, алименттің мөлшері оның біреуінен аз қамтылған екіншісінің пайдасына осы баптың 3-тармағына сәйкес ай сайын өндіріп алынатын және сот айқындайтын тұрақты ақша сомасында белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» 2019 жылғы 29 қарашадағы №6 нормативтік қаулысының 11-тармағына сәйкес, егер алименттер төлеуге міндетті ата-ананың тұрақты емес, өзгермелі табысы және (немесе) өзге де кірісі болса не осы ата-ана табысын және (немесе) өзге де кірісін толығымен немесе ішінара заттай немесе шетел валютасында алса немесе оның табысы және (немесе) өзге де кірісі болмаса, сондай-ақ алименттерді ата-ананың табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлестік қатынаста өндіріп алу мүмкін болмаған, қиындық туғызатын немесе тараптардың бірінің мүдделерін едәуір бұзатын басқа жағдайларда, сот ай сайын өндіріліп алынатын алименттердің мөлшерін тұрақты ақша сомасында немесе бір мезгілде үлеспен және тұрақты ақша сомасында айқындауға құқылы.

Алименттерді төлеуге міндетті ата-ана кірісінің жоғары деңгейі Кодекстің 141-бабында белгіленген табысқа үлестік қатынаста емес тұрақты ақша сомасында алименттерді өндіріп алуға болатын мән-жайларға жатпайды. Сонымен бірге, егер сот ата-ананың табысына және (немесе) өзге кірісіне үлестік қатынаста алименттерді өндіріп алу тараптардың біреуінің мүдделеріне нұқсан келтіретінін анықтаса, алименттер тұрақты ақша сомасында өндіріп алынуы мүмкін.

АПК-нің 72-бабының ережелеріне сәйкес алименттер төлеушінің мүдделерінің бұзылуына байланысты кәмелетке толмаған балаға алименттерді тұрақты ақша сомасында өндіріп алу мүмкіндігімен байланысты мән-жайларды дәлелдеу ауыртпалығы алименттерді төлеуге міндетті адамға жүктеледі.

Сот отырысы барысында талапкер С.Е.Рақымжан жауапкер Б.М.Жусанбаевтан кәмелет жасқа толмағандар: 13.02.2019 жылы туылған Мұратбек Әнел және 25.09.2022 жылы туылған Мұратбек Заңғарды асырап бағу үшін 100 (жүз) айлық есептік мөлшерінде 2025 жылдың 10-ші қыркүйегінен бастап, балалар кәмелет жасқа толғанша тұрақты түрде алимент өндіруді сұраған.

Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 29 қарашадағы №6 Нормативтік қаулысының 9 бөлігіне сәйкес, тараптардың материалдық жағдайын айқындаған кезде соттар олардың кірістерінің барлық түрлерін (жалақы, кәсіпкерлік қызметтен, зияткерлік



қызмет нәтижелерін пайдаланудан түсетін кірістер, зейнетақы, жәрдемақы, денсаулыққа зиянды өтеу есебіне төлемдер және басқа да төлемдер), сондай-ақ оларға тиесілі кез келген мүлікті (оның ішінде бағалы қағаздар, жарналар, кредит ұйымдарына салымдар, жауапкершілігі шектеулі қоғамның жарғылық капиталындағы үлестер) есепке алуы тиіс.

Алименттерге үміткер адамның көмекке мұқтаждығы мәселесін шешу барысында осы адамның жасын, денсаулығын және өзге мән-жайларды (қажетті тамақ өнімдерін, киімді, дәрілік препараттарды сатып алу шығыстары, тұрғын үй-жай мен коммуналдық қызметтерге және т.б. ақы төлеу) ескере отырып, оның материалдық жағдайының, өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті болуын, зейнетақының және мемлекет есебінен алынатын өзге де әлеуметтік көмектің осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жеткіліктілігін, талап қоюшының қандай өзге кірістері бар екенін анықтау қажет.

Іс материалдары бойынша, Алматы қаласының ауданаралық кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сотының 28 мамыр 2025 жылғы сот бұйрығымен Б.М.Жусанбаевтан С.Е.Рақымжанның пайдасына кәмелетке толмағандар: 13.02.2019 жылы туылған Мұратбек Әнел және 25.09.2022 жылы туылған Мұратбек Заңғарды асырап бағу үшін барлық табысының 1/3 бөлігінде алимент өндірілген.

Сотқа жауапкер Б.М.Жусанбаев өзінің «Яндекс Такси» сервисінде жүргізуші болып жұмыс істейтінін, алимент есебінде талапкерге айына 130 000- 150 000 теңге төлеп отырғанын, сондай-ақ алименттік қарызы жоқ екені туралы мәліметтер ұсынған.

Сотта талапкер жауапкердің қосымша табысы бар, бірақ балаларды асырау үшін төмен алимент төлеп, шын табыстарын жасырады, алимент көлемі балалардың қажеттілігін қамтыуға жетпейді деп көрсетті.

Сот, тұрақты ақша сомасында балаларды асырап бағу үшін алимент өндіру туралы істерді қарау барысында ең бірінші кезекте кәмелетке толмаған балалардың мүддесін басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» 2019 жылғы 29 қарашадағы №6 нормативтік қаулысының 10-тармағына сәйкес, кәмелетке толмаған балаға алименттер өндіріп алу туралы талапты сот ата-аналардың еңбекке жарамдылығына, сондай-ақ баланың алименттерге мұқтаждығына қарамастан қанағаттандыруы тиіс.

Кәмелетке толмаған балалар бала бақшаға барады, киім-кешектері, қосымша шығындары бар. Осыған байланысты талапкер айтарлықтай шығындарды көтеріп келеді, ал жауапкерден алынатын алимент балалардың жасын, денсаулығын, жынысын ескере отырып, олардың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткіліксіз. Жауапкердің табысына пропорционалды алимент өндіру кәмелетке толмаған балалардың мүддесіне сәйкес келмейді, балаларды материалдық жағынан толығымен қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз, яғни балалардың қарапайым қажеттіліктеріне (емдеу, дәрі-дәрмек, киім-кешек сатып алу және т.б.) жетпейді.



Мұндай жағдайларға тұрақты емес, өзгермелі табысы және өзге де кірісі бар ата-анадан немесе ата-ана жалақыны және өзге де кірісті толық немесе ішінара заттай алатын ата-аналардан алимент өндіріп алуға жатады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде талапкер С.Е.Рақымжанның тұрақты ақша сомасында балаларды асырап бағу үшін алимент өндіру туралы талабы жартылай қанағаттандырылған жағдайда заңды және негізді болып табылады. Бұл ретте сот жауапкердің еңбекке жарамды жасын, материалдық жағдайын, сот бұйрығымен алдағы үлестік ретте өндірілген алименттік міндеттемесін толық атқарғанын ескереді.

Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі - зайыптылық) және отбасы» туралы Кодексінің 164-бабының 2-тармағына сәйкес, алимент сотқа өтініш жасалған кезден бастап тағайындалады, яғни Б.М.Жусанбаевтан С.Е.Рақымжанның пайдасына кәмелетке толмағандар: 13.02.2019 жылы туылған Мұратбек Әнел және 25.09.2022 жылы туылған Мұратбек Заңғарды асырап бағу үшін 50 (елу) айлық есептік мөлшерінде 2025 жылдың 10 қыркүйегінен бастап, балалар кәмелетке толғанша тұрақты түрде алимент өндірілуге жатады.

Сонымен қатар, АПК-нің 117-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Мұндай тұрғыда, жауапкерден мемлекет пайдасына $(196 \cdot 600 \cdot 12) : 100 = 23 \cdot 592$ теңге алимент өндіруге қатысты баж салығы өндірілуге жатады.

Ал, АПК-тің 243-бабының 1) тармақшасына сай алимент алып беру туралы шекшімдер дереу орындалуға тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талапкер Рақымжан Сымбат Ерғалиқызының жауапкер Жусанбаев Биржан Муратбековичтен өндірілген алимент мөлшерін белгіленген ақша сомасына өзгерту туралы талап арызы, жартылай қанағаттандырылсын.

Жусанбаев Биржан Муратбековичтен Рақымжан Сымбат Ерғалиқызының пайдасына балалары: Мұратбек Әнел, 13 ақпан 2019 жылы туылған, Мұратбек Заңғар, 25 қыркүйек 2022 жылы туылған асырап-бағу үшін 50 (елу) айлық есептік мөлшерінде 10 қыркүйек 2025 жылдан бастап, балалар кәмелет жасқа толғанша тұрақты ақша сомасында алимент өндірілсін.

Рақымжан Сымбат Ерғалиқызының талап арызының қалған бөлігі, қанағаттандырылмай қалдырылсын.



Жусанбаев Биржан Муратбековичтен мемлекет пайдасына мемлекеттік баж 23 592 (жиырма үш мың бес жүз тоқсан екі) теңге өндірілсін.

Шешімнің алимент өндіру туралы бөлігі дереу орындалуға жатады.

Шешімге апелляциялық шағым берілуі немесе прокурор Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 403-404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Алматы қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты арқылы Алматы қалалық сотына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар шешімнің көшірмесін жіберілген күннен бастап өтініш беруі мүмкін.

Судья

Дуанбекова К.К.

